




ӨНЕР/2
Қарттар
қазынасы



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ/4
Ұлы мұрамызды
ұлықтай берейік



МЕЙІРІМ/6
Сәбилерге
сый жасады



Сыр бойы



№90
(19768)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

20 маусым /БЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

КЕШЕНДІ ЖОСПАР – КЕЗЕКТІ ДАМУ БАҒДАРЫ

Құрылыс: Қызылорда – көшбасшы аймақ

Соңғы алты жылда Сыр елі құрылыс алаңына айналды. Зәулім үйлер, шағын аудандардың көбеюі тұрғын үй кезегінің көбесін сөгіп, жаңа серпін әкелді. Тіпті, жыл он екі ай бойы сырбойлықтардың қоныс тойына куә болып та жүрміз. Ал, бұл екінің елге тұрмыстық түлеу ғана емес, үлкен сәулет салтанатын әкелгенін де айтуға тиіспіз.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.



қолжетімділігін мейлінше жақсартуға жасалған тағы бір қадам болып отыр.

Кешенді жоспар аясында өңірімізде 4 жылда 3510 пәтерлік 208,9 мың шаршы метр болатын тұрғын үй салынады. Оның 1205 пәтері халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына, 1715 пәтер көпбалалы отбасыларға арналса, 590-ы несиелік тұрғын үй болмақ. Бұл облыс бойынша жыл сайын 800 мың шаршы метр баспана салуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар жалпы көлемі 37,9 шақырым инженерлік желілер салынады.

Кешенді жоспарды жүзеге асыруға дайындық жайын аталған басқарма басшысының орынбасары Арнұр Нұрмағамбетовтен сұрадық.

Кешенді жоспардағы тұрғын үй құрылысын жүргізуде жалға берілетін тұрғын үй құрылысының бірінші бағыты – халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарын баспанамен қамтамасыз етуді көздейді. Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен биылғы жылға 2 млрд 363 млн теңге қаржы қаралған. Екінші бағыты – көпбалалы аналарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша биылғы республикалық бюджеттен 3 млрд 600 млн теңге бөлінді. Бұл қаржыға 431 пәтер салу жоспарланды. Кешенді жоспардың екінші бағыты – несиелік тұрғын үй болса, 590 пәтерлік 13 тұрғын үй құрылысы сол жағалауда басталды. Үшінші бағыты – инженерлік инфрақұрылым құрылысын жүргізуге 2020 жылға 2 млрд 900 млн теңге қаржы қаралды, – дейді ол.

Сонымен, Кешенді жоспар 17 мың адамның баспана мәселесін шешуге ықпалын тигізбек. Демек, тұрғын үй құрылысын қарқынды жүргізуде көшбасшы өңірде алдағы уақытта да еңбек еселене түспек. Бұл Елбасы Жолдауында айтылған әрбір адамды 30 шаршы метр баспанамен қамтамасыз ету жоспарын ойдағыдай жүзеге асырудың айқын бағдары деп білеміз.

тұрғын үй беріліп, 2017 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 114,3 процентті құрады. Сондай-ақ былтырғы нәтижелі істің бірі – «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында жаңа тұрғын аумақтарға жеткізілетін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым бойынша 50 жобаны іске асыруға республикалық бюджеттен 7,9 млрд теңге қаржы бөлініп, толығымен игерілген. Нәтижесінде облыс бой-

ынша өткен жылы 473,2 шақырым инженерлік инфрақұрылым желілері іске қосылған. Мұндай табанды еңбек елеусіз қалмайды. Жуырда ғана Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Роман Сқыяр тұрғын үйді пайдалануға беру жағынан көшбасшы облыстарды атап, олардың қатарында Қызылорданың мерейі үстем болды. Әрине, уақыт озған сайын ур-

банизация процесінің қарқынды жүруі, жыл сайын халық санының артуы оның тұрғын үйге деген сұранысын қамтамасыз ету үшін бұл жұмыс әлі де жеткіліксіз екендігін байқатады. Бұл ретте жақында бекітілген «Қызылорда облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2019-2022 жылдарға арналған» Кешенді жоспарға тұрғын үй құрылысын дамытудың енгізілуі халықтың баспанаға

ДЕНСАУЛЫҚ

Перинаталдық орталыққа жаңа аппарат алынбақ

Қызылорда қаласындағы облыстық перинаталдық орталық Burabike Fest VII қайырымдылық спорттық-музыкалық фестивалінің бенефицирлар тізіміне енгізілді. Фестиваль ұйымдастырушылары орталыққа гипотермияны емдеуге арналған аппарат сатып алуды жоспарлан отыр.

Аталған фестиваль 2019 жылдың 24-25 тамызында Щучинск-Бурабай курорттық аймағында өтеді. Фестиваль ұйымдастырушылары – Ақмола облысы әкімдігі мен Болат Отемұратов қорымен бірлескен Rixos Vorogoe конак үйі. Дәстүрлі түрде төлемнен, демеушілік жарналардан, сондай-ақ қайырымдылық аукционынан түскен қаражат Қазақстан аймақтарындағы ауруханалар мен клиникаларға медициналық жабдықтарды сатып алу үшін жұмсалатын болады. Биылғы жылы бес бенефицир таңдалды, оның ішінде Қызылорда қаласындағы об-

лыстық перинаталдық орталық та бар. Болат Отемұратов қорының қызметкерлері Қызылорда қаласындағы облыстық перинаталдық орталыққа барып, емдеу мекемесінің басшылығымен кездесті. Кездесу барысында орталықтың құрал-жабдық қажеттіліктері талқыланды. Олар гипотермияны емдеуге арналған құны 12 000 000 теңге болатын аппаратты алып беру жайлы өтініш білдірген болатын. Бұған дейін 2014 жылы перинаталдық орталыққа өкпеге жасанды дем беруге арналған 2 аппа-

рат берілді, – деп хабарлады қордың баспасөз қызметі. Жалпы Burabike Fest жыл сайынғы қайырымдылық фестивалін өткізудің мақсаты – балалардың физикалық денсаулығын нығайтуға және ҚР азаматтарының әл-ауқатын арттыруға бағытталған қайырымдылық жобаларын қаржыландыру және іске асыру үшін қаражат жинау. Фестиваль аясында 6 жыл ішінде 700 млн теңгеге жуық қаражат жиналған. Ол қаржыға балалар медициналық мекемелеріне, перинаталдық және оңалту орталықтарына, балалар үйлеріне құрал-жабдықтар сыйға тартылды. 2018 жылы фестивальда 205 млн теңге қаражат жиналып, Мерке (Жамбыл облысы), Тимирязев (Солтүстік Қазақстан облысы), Панфилов (Алматы облысы), Алақөл (Алматы облысы), Ағадар (Қарағанды облысы) медициналық мекемелеріне медициналық және оңалту жабдықтары сатып алынған.

Айта кетейік, Burabike Fest 2019 алғаш рет екі күндік іс-шара ретінде өткізіледі. Бағдарлама аясында веложарыс, орен-ап-қазақстандық орындаушылардың концерті, теннис турнирі, мастер-класстар, пикник, кешкі және күндізгі аукциондар ұйымдастырылады. burabike.kz сайтында тіркелуі де болады. Шараға кез келген адам қатыса алады.

«СБ» ақпарат.

КӘСІПкерлікке кең өріс

Кәсіппен айналысамын деген адамдарға мемлекет тарапынан қолдау көп. Әсіресе, биыл «Жастар жылы» аясында жас кәсіпкерлерге басымдық беріледі. Кәсібін алға дамыткізгендер үшін қайтарымсыз қаражат еләуір көмек болары сөзсіз.

Айсауле ҚАРАПАЕВА.

Қайтарымсыз қаражат – үлкен қолдау

Биылғы мемлекеттік грант конкурсына қатысуға өтінімдер қабылдау 21 маусымда аяқталады. Конкурсты өткізу үшін республикалық бюджеттен 31 млн теңге бөлінсе, оның 21 млн теңгесі жас кәсіпкерлерге қаралған. Бұл жайында өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық

бастап Жаппай кәсіпкерлікті дамытудың үш жылдығы жарияланды. Қазіргі күні тіркелген 51168 шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің 85,6 проценті жұмыс жасауда.

– Елімізде шағын және орта кәсіпкерлік саласының

институттары мен «Даму» қорының түрлі бағдарламалары өз септігін тигізуде. Бұл бағдарламалар аясында әртүрлі қаржы көздерінен өткен жылы 32 млрд теңге, оның ішінде 3 млрд теңге, оның ішінде 3 млрд теңге қарастырылды. Оның ішінде 5 млрд теңге мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржылай емес қолдауға, қайтарымсыз гранттар беруге және шағын несиелермен қамтамасыз етуге бағытталуда, – депі басқарма басшысы.

Бүгінде жаңа идеясы бар немесе тиім жобаларды іске асырушыларға 3 млн теңгеге дейін қайтарымсыз гранттар беру жалғасын табуда. Қайтарымсыз грантка ісін жана бастаған кәсіпкерлер, жас кәсіпкерлер, мүмкіндігі шектеулі жандар, 50 жастан асқан азаматтар бизнес жобаларын ұсыну арқылы үміткер бола алады. Қазіргі уақытта дейін мемлекеттік грант бойынша 381 кәсіпкер жалпы құны 398 млн теңге қайтарымсыз қаражатқа ие болды.



кәсіпкерлік және туризм дамуына, жұмыссыздар санын барынша қысқартуға мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалардың қаржы

БӘРЕКЕЛДІ!

«Қайсар» Қазақстан кубогы финалына шықты

Кеше Қазақстан кубогы жартылай финалы аясындағы қарымта кездесу Қызылордада өтті. «Қайсар» қостанайлық «Тобылмен» кездесті. Екі команданың ел кубогы жолындағы алғашқы ойыны 22 мамырда Қостанайда өтіп, онда «Тобыл» «Қайсарды» 1-0 есебімен жеңген еді.

Дәулет ҚЫРДАН.

Ойын бастала сала «қайсарлық» ойыншы Тигран Барсегян әдеттегідей көзге түсті. Матчтың он алтыншы минутында қарсылас қақпасына алғашқы голды сүңгітіп, есеп ашты. Ал 67-минутта Куле Мбомбо команданың екінші голын салып үлгерді. Осыдан кейін қарсылас команда ойыншысы Артурас Жулла 89-минутта «Тобылдың» ойындағы жалғыз голын салды.

«Қайсарлықтар» мұнымен тоқтап қалмады. Тигран Барсегян ойынның 96-минутында пенальтиде мулт кетпей, тағы бір голдың авторы атанды. Осылайша, жерлестеріміз қостанайлықтарды 3-1 есебімен жеңіп, 20 жылдан кейін Қазақстан кубогының финалына жолдама алды. Енді, жерлестеріміз 22 қыркүйекте финалда «Атырау» командасымен бақ сынасатын болады.



СЕССИЯ

Бюджет және бірлескен шешім

Сейсенбі күні облыстық мәслихаттың кезектен тыс 31-ші сессиясы өтті. Оның күн тәртібі хабарланбастан бұрын сессия төрағасы Нұридин Әминов облыстық мәслихат депутаттары атынан Қырымбек Елеуұлы ҚР Президенті қаулысымен Қызылорда облысы әкімі болып қайта тағайындалуымен құттықтап, аймақ басшысының барлық бастамаларына сәттілік тілейтінін және қолдау көрсетіле беретінін жеткізді.

Бдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

2-бет.

